



АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

12.10.2022 жыл

№ 19, 3-т.

**«Шығыс Қазақстан облысының білім және  
ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ  
еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы  
заннаманың сақталуындағы қоғамдық бақылаудың  
тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы**

Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Н.Б.Қасенованаң «Шығыс Қазақстан облысының Білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заннаманың сақталуындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдал, талқылағаннан кейін Қазақстанның салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының Атқарушы комитеті атап өтеді:

Шығыс Қазақстан облысының кәсіподақ ұйымында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне елеулі көніл бөлінеді. Кәсіподақ органдары қызметінің осы бағыттағы проблемалары үнемі алқалы органдардың қарауына шығарылады. Жүйелі және жоғары әдістемелік деңгейде арнайы тақырыптар бойынша семинарлар мен оқытуудың өзге де түрлері (нысандары) өткізіледі.

Кәсіподақ органдары қызметкерлерге қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау міндетін орындау үшін мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілердің өкілдерімен, мемлекеттік еңбек инспекциясымен іскерлік ынтымақтастық орнатады.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында қалыптасқан әлеуметтік әріптестік жүйесі тиімді пайдаланылады. Барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісімдерде, ұжымдық шарттарда тараптардың жаракаттанудың алдын алу, заннамада талап етілетін еңбекті қорғау шарттарын қалыптастыру жөніндегі міндеттері көзделген.

Кәсіподақпен қамтылған еңбек ұжымдарында өндірістік кеңестер құрылды (554), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 554 техникалық инспектор сайланды, олардың 204-і ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша оқудан өтті.

Техникалық инспекторларға әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде.

2021 жылы саладағы мекемелер мен кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру жөнінде 135 тексеру жүргілді, оның барысында 128 бұзушылық аныкталды. Тексеру нәтижелері бойынша жұмыс берушілерге бұзушылықтарды жою және еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде 120 ұсыныс берілді.

Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, өнірде өндірістік жаракаттану деңгейі жоғары болып қалуда. 2021 жылы өнірде осындай 7 жағдай орын алды, оның 4-і ауыр жаракат. Жаракаттанудың жоғары деңгейінің себептерінің бірі қашықтан жұмыс істеуден жұмысшылардың жұмыс орындарында физикалық болуына бейімделмеген ауысу деп аталады.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Кесіподақтың Шығыс Қазақстан облыстық үйымының төрағасы Н.Б. Қасенованың «Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кесіподағы» ҚБ енбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі туралы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» акпараты назарға алынсын.

2. «Шығыс Қазакстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ басқаруши органдарына:

- өндірістік жаракаттану денгейін төмендету үшін қажетті шаралар кешенін қабылдау;

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бакылаудың тиімділігін арттыру, тексерулердің саны мен сапасын арттыру, еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекцияның және қадағалау органдарының өнірлік күрылымдарының өкілдерін келісім бойынша тексерулерге белсенді тарту.

3. Кәсіподақ Кеңесінің аппараты Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымына кәсіподақтың техникалық енбек инспекциясы жұмысының тиімділігін арттыру мәселелерінде қажетті әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Бекешаровка жүктелсін.

TopaFa



A. Мұкашева